

ЖОСПАР

1. Мүгедектік дегеніміз не?. Қанша түрі бар
2. Мүгедектерді қорғаудың әлеуметтік шаралары
3. Мүгедектерге көрсетілетін әлеуметтік көмек түрлері
4. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заң
5. Қорытынды
6. Пайдаланылған әдебиеттер

Мүгедектік деген не ?

- ▣ Мүгедектік – науқастану, жарақат, апатқа ұшырау, кемтар болып туу салдарынан адамның мүлдем не уақытша еңбек ету қабілетінен айырылуы.
Мүгедектік медицина, әлеуметтік және құқықтық болып ажыратылады. Аурудың жағдайына, органдардың қызметінің бұзылу деңгейіне, клиника болжамға және еңбекке жарамсыздығына байланысты мүгедектік үш топқа бөлінеді

- **Мүгедектік** – өзгеріп тұратын категория. Мысалы, аурудың түріне қарай және оның дұрыс емделуіне байланысты мүгедек адамның денсаулығы жақсарып, еңбек ету қабілеттілігі жоғарылауы, ал кейде, керісінше жағдайдың да көрініс беріп, адам мүлдем кемтар болып қалуы мүмкін. Тұрақты еңбекке жарамсыздықты сараптау және мүгедектік тобын әлеуметтік қорғау мекемелерінің жанынан ұйымдастырылған медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы белгілейді.

Қанша топқа бөлінеді

- **1-ТОПҚА.** мүлде немесе ұзақ уақыт еңбекке жарамсыз, үнемі басқа біреудің күтімін, көмегін немесе бақылауын қажет ететін адамдар жатады;
- **2-ТОПҚА.** басқа адамның көмегін қажет етпейтін, жұмыстың кейбір түрлерін атқара алатын адамдар жатады;
- **3-ТОПҚА.** еңбек ету қабілеті төмен болғанымен жеңіл-желпі жұмыстарды істей алатын, бірақ денсаулығына байланысты жұмыс жағдайын оңтайлы өзгертуді қажет ететін адамдар жатады.

- Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясаты қазіргі кезде экономикалық қиын жағдайларға байланысы халықтың аз бөлігінің ғана қызығушылықтарын қанағаттандырады. Стационарлы мекемелерде тұрмайтын еңбекке қабілетсіз азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетудің қазіргі даму кезеңінде әлеуметтік жұмысшылардың қызметі әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсетуге негізделеді. Соның арасында олардың қызметтері анағұрлым кең әлеуметтік қызметкерлердің арнайы білім беру институттарын құру өлшемі бойынша еңбекке қабілетсіз азаматтар едәуір мамандандырылған және түрліше әлеуметтік көмек пен қолдау алуына мүмкіндігі жоғары. Мүгедектігі бар адам қоғам өмірінің барлық салаларын қатысуға теңдей құқық алады. Тең құқық әлеуметтік қызмет жүйелерімен қамтамасыз етілуі тиіс.

Көрсетілетін әлеуметтік көмек түрлері

- Мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы оларға әлеуметтік , медициналық және әлеуметтік , кәсіби жарамдылығын арттыру , білім беру сияқты бағыттағы қоғамдық өмірге оралтуға байланысты өткізілетін шаралармен жүзеге асады .
Сонымен бірге , еңбекке жарамсыз болған жағдайдағы міндетті сақтандыру төлемдері заңмен қарастырылған .
Ауру , жарақат алу , мертігу салдарынан болған әлсіздікті жою бағытында диагностикалық , емдеу және қалыпқа келтіру сияқты медициналық сауықтыру шаралар жүргізіледі .
Мүгедектерді әлеуметтік сауықтыру мүгедектердің әлеуметтік статусын , олардың әлеуметтік - тұрмыс және әлеуметтік - орталыққа үйрету мақсатында жүргізіледі .
Оған мүгедектерді әлеуметтік , техникалық көмек құралдарымен , көлік және рекреациялық құрылымдармен , ақпараттық ортамен қамтамасыз етілуін және материалдық , әлеуметтік - психологиялық қолдау

□ Қосымша көмек қажет ететін мүгедектердің әлеуметтік қамтамасыз етілу жүйесіне республикада мед - әлеуметтік мекемелердің , әлеуметтік қорғаудағы территориялық орталықтардың және үйде жеке көмек көрсету сияқты мүмкіндіктері кіреді . Интернат - үйлерінде тұратын мүгедектер мен қарттарға медициналық , әлеуметтік - тұрмыс жағынан , әлеуметтік адаптация , еңбекке жарамдылығын арттыру , білім беру сияқты көмектер көрсетіледі .

Республикамызда мүгедектер мен қарттарға әлеуметтік көмек көрсететін , медициналық , әлеуметтік және кәсіби даму , мүгедек - балаларға білім беру бағдарламасын жасау , моральды - психологиялық жағынан қолдау көрсету , олардың хұқықтары туралы ақпарат беретін 6 территориялық орталықтар бар .

Заңға сәйкес мүгедектер сауықтыру бағдарламаларына орай протез - ортопедтік көмекпен , қозғалуға байланысты әлеуметтік жабдықтармен , сурдо - тифложабдықтармен және басқа да техникалық құралдармен , сонымен қатар мемлекеттік бюджеттен бөлінетін мемлекеттік тапсырыс бойынша сауықтыру - курорттық емдеу шаралымен қамтамасыз етіледі .

Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заң

- Бұл Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
- 1) арнаулы жүріп-тұру құралдары - мүгедектердің белсенді және баяу жүріп-тұруына арналған техникалық көмек түрі;
- кәсіптік бағдарлау - мүгедектің еңбек қызметі түрлерін таңдауына көмек көрсетуге бағытталған шаралар жүйесі;
- сурдоаударма – қандай да бір тілден дактильді әліпби және (немесе) ымдау тілі көмегімен аудару;

- сурдотехникалық құралдар - есіту кемістіктерін түзеуге және олардың орнын толтыруға арналған, соның ішінде байланыс құралдары мен ақпарат беруді күшейтетін техникалық құралдар;
- протездік-ортопедиялық көмек - мүгедектерді протездік-ортопедиялық құралдармен қамтамасыз ету жөніндегі медициналық-техникалық көмектің мамандандырылған түрі және оларды пайдалануды үйрету;
- халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттары – мүгедектерге және мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету сапасын, көлемін және шарттарын белгідейтін нормативтік құқықтық актілер.

Қорытынды

- Бұл жасаған жұмысты қорытындылай келе, ҚР да мүгедектерге арналған көптеген қолайлы жағдайлардың бар екендігі, көптеген жаңа технологиялар ойластырылып жатқанына, өмір сүруге деген күштарлықты арттыруға көптеген мүмкіндіктердің бар екенін білдім. Сонымен қатар Мүгедектерге арналған жеке заңның бары өте қуантты. Әртүрлі әлеуметтік шаралар ұйымдастыруға болатынын, олардың біздің қоғамның бір бөлшегі екендігін және олардың да қарапайым адамдар сияқты өмір сүрулеріне құқықтары бар екеніне көзім жетті

Пайдаланылған әдебиеттер

- Мәліметтер www.enbek.gov.kz,
article.com,adilet.zan.kz, rambler.ru
- Жұмағұлов Ғ.Б. Ахметов А. Ахметова Г.
Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы. –
Алматы,
- Интернет көздері google.kz сайттарынан
алынған